

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының жанындағы философия докторы (PhD) дәрежесін беру жөніндегі 6D040000 – «Өнер» Диссертациялық кеңесі бекіткен ресми пікір білдіруші доктор PhD, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы Сахаман Айдын Жомартұлының докторант Уразбаева Шарипа Нұрымбетовнаның 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына

## ПІКІРІ

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми-техникалық дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Уразбаева Шарипа Нұрымбетовнаның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты зерттеу жұмысының тақырыбы - қазақ кинотану саласында осыған дейін зерттеу нысанына ие бола қоймаған күрделі тақырыптардың бірі ретінде ерекшеленеді. Жалпы, кинодағы гендердің репрезентациясы – жан-жақты әрі терең қарастыруды талап ететін теориялық мәселелердің бірі еkenі белгілі. Осы тұста диссертация тақырыбын зерттеуде автордың өте ауқымды жұмыстар атқарғанын айтып кеткен абзат.

Диссертациялық жұмыстың авторы әлемдік кинотану ғылымы мен кинематографындағы гендер және «репрезентация» ұғымының негізгі тұжырымдамаларына сүйене отырып, 1991-2016 жылдар аралығындағы қазақ көркемсуретті киносындағы гендерлік «репрезентация» мәселелерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауды алдына мақсат етіп қойған.

Аталмыш ғылыми еңбекте «гендер», «репрезентация» ұғымдарына жан-жақты түсініктеме беріліп қана қоймай, отандық әйел режиссерлердің фильмдері, олардың әрқайсысының шығармашылық қолтанбасы қарастырылған. Тағы бір маңызды тұсы – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі, ұлттық дүниетанымындағы гендер ұғымына назар аударып, өзіндік тұжырымдарын ұсынады. Кез келген қоғам секілді қазақ қоғамында да ер және әйелдің орны, олардың рөлі туралы түсініктер, рухани құндылықтар, әлеуметтік үрдістер этномәдениеттік механизмге бағынатыны белгілі. Осы тұста диссертация авторы қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы мәселесіне жан-жақты тоқталып, кәсіби түрғыдан терең зерттеуге талпынған.

Автор диссертация тақырыбын зерттеуде дереккөз ретінде қолданған кинотану, философия, әлеуметтану, психология, мәдениеттану, этнология сияқты ғылымның өзге де салалары бойынша жарық көрген еңбектерімен қатар, ҚР Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттік бағдарламалары және де

жолдауларына, сондай-ақ білім берудің басқа да нормативті құжаттарына назар аударған. Бұл еңбектің жалпы мемлекеттік бағдарламамен сәйкес дәйектелуін көрсетеді.

## **2. Диссертацияға қойылатын («Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің») талаптары шегіндегі өзектілігі.**

Диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейі, рәсімделуі, мазмұны, жаңалықтары мен қорғауға ұсынатын нәтижелері, тұжырымдары 6D041600 – «Өнертану» мамандығына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына толық сәйкес келеді. Мақсаттары мен міндеттері ғылыми тұрғыда толық түйінделген. Ғылыми және теориялық негізdemелері дәлелді, жұмыстың құрылымы жүйелі, жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидалары толық жұмыс.

Диссертация тақырыбының зерттелуі барысында келесі мәселелер қарастырылған:

а) әлемдік кинотану ғылымындағы гендер және «репрезентация» ұғымына түсініктеме беру; б) «әйел киносы» бағытының көркемдік деңгейін зерделеу; в) қазақ киносының қалыптасу кезеңінде орын алған гендерлік саясаттың бейнелік үлгілерін бағамдау; в) қазақ киносындағы әйел режиссерлер шығармашылығының ерекшеліктерін анықтау; г) қазақ киносындағы ер режиссерлердің фильмдеріндегі әйел бейнесінің ерекшеліктерін қарастыру; д) заманауи жас буын әйел режиссерлердің шығармашылығының бүгіні мен болашағын бағамдау.

Диссертациялық еңбекте көтеріліп отырған бұл мәселелер теориялық, ғылыми, практикалық тұрғыдан белгілі бір дәрежеде өз шешімін тапқан. Осы тұста ізденуші диссертация тақырыбымен байланысты теориялық еңбектерді негізге алып, жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізген. Әлеуметтану, мәдениеттану, психология, философия, филология, лингвистика, этнология, әдебиеттану, педагогика, ауыз әдебиеті, халық педагогикасы сынды әртүрлі саладағы дереккөздерге сүйене отырып, «гендер», «репрезентация» ұғымдарына түсініктеме берген. Жұмыста салыстырмалы-тариhi, тарихи-өнертану, кинотану, теориялық-философия, филология, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдары және салыстырмалы-хронологиялық тұрғысынан талдау, ғылыми жүйелеу, сипаттамалық және аналитикалық әдістер кеңінен қолданылған.

Бұгінгі қазақ киносындағы гендердің репрезентациясын зерттеу барысында диссертация авторы мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

*1-ші ғылыми нәтижесе.* Әлем киносы мен кинотану ғылымындағы гендер түсінігіне байланысты теориялық көзқарастар сарапталған;

*2-ші ғылыми нәтижесе.* «Репрезентация» ұғымының кинотеорияға қатысты сипаттық белгілері айқындалып, кинотану ғылымындағы оның негізгі тұжырымдамалары бір жүйеге келтірілген;

*3-ші ғылыми нәтижесе.* Шетелдік және отандық әйел режиссерлер фильмдерінің көркемдік және режиссерлік шешімдері қарастырылған;

*4-ші ғылыми нәтижесе.* Қазақ киносындағы гендер репрезентациясы ұлттық дүниетаным, ұлттық болмыс, мінез-құлық тұрғысынан қарастырылған;

*5-ші ғылыми нәтижесе.* Қазақ киносындағы әйел бейнесінің көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері бағамдалған;

*6-шы ғылыми нәтижесе.* Диссертациялық еңбекте кеңес үкіметі жылдары және 1991-2016 жылдар аралығында түсірілген қазақ фильмдеріндегі әйел кейіпкерлер гендер репрезентациясы мәселесі тұрғысынан қарастырылып, әр кезеңің өзіндік ерекшеліктері талданған.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Диссертация авторының заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясын зерттеу нәтижесінде қол жеткізген ғылыми жаңалықтарының дәйектілік деңгейі:

*1-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Отандық және шетелдік белгілі ғалымдардың еңбектеріне жүргіне отырып, «гендер», «репрезентация» сөздерінің мағынасы теориялық тұрғыдан қарастырылған;

*2-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Теориялық еңбектерге сүйене отырып, жекелеген фильмдерді талдау негізінде кинодағы «репрезентация» ұғымына кеңінен түсініктеме берілген;

*3-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Алис Ги, Эмманюэль Берко, Аньес Варда, Изабель Койшет, Мэри Донохью, Вера Хитилова, Агнешка Холланд, Татьяна Лиознова, Кира Муратова, Лариса Шепитько, София Коппола, Кэтрин Биголоу, Әсия Сүлеева, Әсия Байғожина, Эля Гильман, Жанна Исабаева, т.б. секілді шетелдік және отандық режиссерлердің фильмдерінің ерекшеліктері талданған;

*4-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Кино зерттеушілерінің, мәдениеттанушылар мен философтардың, әлеуметтанушылардың, т.б. пікір-тұжырымдарын негізге алып, қазақ киносындағы гендер репрезентациясы ұлттық дүниетаным, болмыс, мінез-құлық тұрғысынан сарапталған;

*5-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Кеңес әдебірінде және Тәуелсіздік жылдары түсірілген қазақ фильмдеріндегі әйел бейнесінің ерекшеліктері зерттелген;

*6-жаңалықтың дәйектілік деңгейі.* Кеңес үкіметі жылдары және соңғы жиырма алты-жиырма жеті жылдағы отандық кинодағы әйел репрезентациясын жасау көрінісі зерделенген.

### **4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Жұмыстың кіріспесінде тақырыптың өзектілігі мен зерттелу деңгейін, алдына қойған мақсаты мен міндеттерін, деректілік негізі мен

ғылыми жаңалығын, теориялық және әдістемелік негіздерін, тәжірибелік маңызы мен қорғауға ұсынған негізгі тұжырымдарын анық көрсете білген.

Бүгінгі қазақ киносындағы гендер репрезентациясын зерттеу барысында диссертация авторы қол жеткізген әрбір ғылыми нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі:

*Бірінші қорытынды* – жаңа: кино өнері арқылы гендер репрезентациясын түсіну және қабылдау әртүрлі әлеуметтік топтарды экрандағы кейіпкерлермен сәйкестендіреді.

*Екінші қорытынды* – жаңа: ғылымдағы «репрезентация» ұғымы мен «белгі» ұғымын байланыстыру нәтижесі кинодағы оқиғаның, кейіпкерлердің шынайылығын сипаттауға, түсіндіруге, баяндауға мүмкіндік беретін тәсілдерін қарастырады.

*Үшінші қорытынды* – жаңа. Шетелдік әйел режиссерлердің шығармашылығы жеткілікті талдауға ие болғанымен, отандық әйел режиссерлердің фильмдері әлі күнге дейін тыңғыштықты зерттеу нысанына айнала қоймаған-ды. Осы ретте диссертация авторы Кеңес кезеңі мен Тәуелсіздік жылдарындағы отандық әйел режиссерлердің шығармашылығына назар аударған;

*Төртінші қорытынды* – салыстырмалы түрде жаңа: қазақ халқының дүниетанымы, ұлттық болмысы ерекше екені белгілі. Осыған сәйкес ұлттық кинодағы гендер репрезентациясын мүмкіндігінше ашуға тырысқан.

*Бесінші қорытынды* – жаңа: қазақ киносындағы әйелдер режиссерлік еткен фильмдер теориялық түрғыдан негізгі зерттеу нысанына ие болған.

*Алтыншы қорытынды* – салыстырмалы түрде жаңа. Қазақ киносындағы әйелдер бейнесі туралы жазылған (Қ. Сиранов, К. Смайлов, Б. Нөгербек, Г. Әбікеева, т.б.) көптеген еңбектер бар. Дегенмен диссертация авторы бұл мәселені жаңа қырынан талдауға тырысады. Осы ретте қазақ киносы тарихының барлық кезеңдері мен бүгінгі күнгі әйел бейнесі салыстырмалы түрде қарастырылған.

## **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Зерттеуден алынған нәтижелердің ішкі бірлігі диссертациялық жұмыстың құрылымдық тұластығына негіз болған. Негізгі үш бөлімнен, әр бөлім екі тараудан, кіріспе мен қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан (фильмография) тұратын диссертациялық жұмыстың құрылымы біртұтас. Негізгі бөлімдер бір-бірінен туындалап, бірін-бірі толықтырып тұр. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс – бас-аяғы тұтас, бастапқы ғылыми-зерттеу мақсатын орындалап, нәтижесінде құрылымы жүйелі аяқталған еңбек.

Диссертациялық еңбектің «Кино өнеріндегі гендер «репрезентациясы» зерттеуінің теориялық негіздері» деп аталатын алғашқы бөлімінде кино тарихындағы гендер феномені және ондағы «репрезентация» ұғымының сипаты мен тұжырымдамалары, әлем киносындағы «әйел киносының» рөлі, сабактастық пен жаңашылдық мәселелері қарастырылған. Кино өнеріндегі гендер репрезентациясы тақырыбын зерттеу барысында автор осы мәселенің

## **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертацияның ғылыми нәтижелері кинотану, мәдениеттану, өнертану секілді тағы да басқа ғылымдар салалары мамандарының зерттеулеріне дереккөз бола алады. Зерттеу жұмысының материалдарын өнердің барлық саласы, соның ішінде кино өнері бойынша білім беретін орта және жоғары оқу орындарында, кино өнері туралы оқулыктарда, сондай-ақ кино режиссерлері үшін тәжірибе жүзінде қолдануға болады.

## **7. Диссертацияның негізгі тұжырымдары, нәтижелері мен қорытындыларының жарияланымда расталуы.**

Зерттеу жұмысының басты нәтижелері бойынша 7 мақала жарияланған. Соның ішінде 1 мақала – Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 3 мақала – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 3 мақала – отандық және шетелдегі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында жарияланған

## **8. Аннотацияның диссертация мазмұнына сәйкестігі.**

Аңдатпа диссертациялық жұмыстың мазмұны мен құрылымымен толық сәйкестендірілген, негізгі зерттеулер ғылыми тұжырымдармен рәсімделген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сәйкес келеді.

## **9. Диссертация мазмұндағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер мен докторантқа қойылатын сұрақтар.**

Коргауға ұсынылып отырған докторлық диссертацияның мазмұны мен құрылымында жоғарыда көрсетілген жетістіктермен қатар, ізденушінің алдағы уақытта көңіл аударатын мәселелері бар:

1. Кинодағы гендер репрезентациясы мүмкіндігінше терең психоаналитикалық талдауларды талап ететін өте күрделі зерттеу тақырыбы екені белгілі. Бұл ретте отандық фильмдер осы мәселе тұрғысынан жеткілікті ашылмай қалған.

2. Диссертациялық еңбекте қазақ киносындағы әйел режиссерлердің шығармашылығына жиі назар аударылғанымен, олардың фильмдерінің негізгі ерекшеліктері туралы нақты тұжырым жасалмаған.

3. Зерттеу жұмысында үшінші бөлімнің екінші тарауының тақырыбы «Заманауи жас буын әйел режиссер фильмдеріндегі көркемдік бағыттар» деп беріліпті. Мұндағы «фильмдеріндегі көркемдік бағыттар» деген сөздің мағынасы өте түсініксіз. Сондықтан мүмкін болса, тараудың ішкі мазмұнына сый, тақырыбын жөндеген дұрыс болар.

Дегенмен мұндай кемшіліктер ғылыми жұмыстың мазмұны мен маңыздылығына, құндылығына нұқсан келтірмейді. Ізденуші әрі қарайғы жұмыс барысында бұл ескертулерге мән беріп жатса, ғылыми еңбектің сапасы арта түсірі анық.

### **Докторантқа қойылатын сұрақтар:**

1. Диссертация мәтінінде «әйел киносы» деген сөз жиі кездеседі. Бұл сөз фильмді тек әйел режиссерлердің түсіргенімен байланысты ма әлде көркемдік – эстетикалық тұрғысынан ерекшеленетін басқа да себептері бар ма?
2. Жалпы алғанда «әйел киносының» «ерлер киносынан» қандай айырмашылығы бар? Ерекшеліктері қандай?
3. Бұл зерттеу жұмысында заманауи кинолардағы әйел бейнесіне жиі тоқталасыз. Бүгінгі қазақ киносындағы әйел бейнесі көңілінізден шыға ма және ол гендер репрезентациясы тұрғысынан қалай көрініс талқан?

### **10. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-ші белімінің талаптарына сәйкестігі.**

Докторант Ш.Н.Уразбаеваның «Заманауи қазақ киносындағы гендердің репрезентациясы (1991-2016)» атты ғылыми диссертациялық жұмысы тақырыптың өзектілігімен, зерттеу нәтижесінде қол жеткізілген қорытындылар мен тұжырымдарының нақтылығымен құнды болып есептеледі. Жоғарыда айтылған кейбір ескертулер болмаса, тұтастай алғанда диссертациялық жұмыс КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің талаптарына сай орындалған.

Диссертациялық жұмыстың осы белгілеріне сүйене отырып, докторант Уразбаева Шарипа Нурымбетовнаны 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

### **Ресми пікір беруші:**

Доктор PhD  
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық  
консерваториясының аға оқытушысы



**Сахаман А.Ж.**